

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗДАР ТҮНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗ - ӨТЕ ҚАУІПТІ!



Жылдыту пештерінен шықкан тұтінге улану жағдайларының 70% мұржаның талапқа сай болмауынан немесе дұрыс жұмыс істемеуінен болады. Осындай қайғылы жағдайларға жол бермеу үшін тұрғындардың алдымен қырағы болып, төмендегі ережелерді мұқият есте сақтағандары жөн:

- Үйге (пәтерге, саяжайға) өздігінен газ тартуға, газ жабдығын орнатуға, газ құралдары мен тығын арматурасын ауыстыруға және жөндөуге тыйым салынады – мұндай жұмыстарды білікті мамандар ғана нормалар мен ережелерге сәйкес жүргізе алады;
- Газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсететін мамандар кірпіштен салынған мұржаларды тоқсанына бір рет тазалайды, ал әк пен цементтен жасалған және металл мұржаларды жылына бір рет жылдыту кезеңінің алдында тазалайды;
- Жылдыту құралдарын қосардың алдында міндетті түрде мұржаның түтін тартуын тексереді;
- Жеке үйлерде мұржа қатып қалмауы үшін қыскы үақытта оны орау керек;
- Іске қосылған мұржаны кірпішпен, сондай-ақ мұржадағы жапқышпен жабуға болмайды;
- Мұржаның бас жағына құс ұя салмауына, сондай-ақ жауын-шашын тамбауына орайластырылып жасалу туис;
- Газдандырылған пештер мен мұржалардың қалауы, сылағының тығыздығы өзгерген (жарықтар пайда болғанда) кезде пайдалануға болмайды. Мұржаларда және су жылдықтыштың түтін шығаратын құбырларында өзбетінше қосымша шиберлер орнатуға тыйым салынады;
- Терезе (фрамуга), жалюздер және желдеткіш арналары жабық болса, мұржаларда, желдету арналарында және ванна бөлмесінің есігі астында түтін тартатын қуыс болмаған жағдайда газ құралдарын қолдануға болмайды.

Газ өнімдері толық жанбаған жағдайда, адам ағзасына зиян келтіретін түншықтырғыш газ пайдаболады!

Газды қолдану кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзсаныз, Сіз өзінізге ғана емес, өзгелерге де қауіп төндіресіз.

Газ жабдықтарын немесе жылдыту пештері орналасқан бөлмелердің терезелерін тұнгі үақытта жабық қалдырмаңыз, газ құралдары орнатылған жерді демалатын және ұйықтайтын бөлме ретінде пайдаланбаныз!



**ӨЗІНІЗДІҢ ЖӘНЕ ЖЫҚЫН АДАМДАРЫНЫЗДЫҢ
ӨМІРІН САҚТАҢЫЗ!**

Қостанай облысы төтенше жағдайлар департаменті